«Табиғат аясында серуен» Серуендеу	10.40-12.00	**Картотека №22** **Балаларға қарды колмен ұстату.** **Мақсаты:**Оның салқын екендігін сезінту,колдарына колған керектігін айту. **Ойын:**«Кішкентай және үлкен аяқтар» **Жеке жұмыс:** Қысқы киімдерді жинау.Оларды басқа киімдерден ажырата білу. **Еңбек:**Құстарға жем салу.	**Картотека №25** **Қарды бақылау.** **Мақсаты:** Қардың касиетімен таныстыру. **Ойын:** «Қоян мен каскыр». **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру. **Жеке жұмыс:**Ойынға қатыспай қалған балалармен жеке жұмыс жүргізу.Сұрақтар қою. **Еңбек:**Кардан қалашық жасау .			**Картотека № 26** **Қысқы табиғатты бақылау.** **Мақсаты:**Жердег і судың мұз болып қатуын және тереземдегі әрнектер туралы түсінік беру. **Ойын:** «Қақпан». **Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:**Мейіржан мен Азизаға қыс туралы тақпақ айтқызу. **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту. **Еңбек:**Кардан түрлі пішіндер жасату.
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Серуеннен келген соң балалардың киімдерін шешуін үйрету, кадағалау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
«Ас дәмді болсын» **Түскі ас**	12.20-13.00	Қолды жуғаннан соң тамакка отыру. Орындыкка өзі отырып, тұру.Тамакты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты колдануға үйрету.Тамактан соң алғыс айту.				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық,	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				

Сканировано с CamScanner

күндізгі ұйқы						
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру және гигиеналық шаралар, жеке жұмыстар	15.10-15.40	Ұйқыдан кейінгі жаттығулар: **Картотека №3 Қайықша** **Картотека №4 Толқын** **Картотека №5 Доп** **Картотека №23 Саусақтар ойыны** **Картотека №25 Балықтар**				
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару , мәдениетті тамақтануға баулу.				
«Алакай, ойын» Ойындар ойнату, жеке жұмыстар жүргізу	16.10-16.30	**Дидактикалық ойын Картотека№13 «Ыдыстар»** **Ойынның мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін ұғымдармен таныстыру. Ыдыстардың атқаратын қызметін, не үшін колданылатынын түсіндіру. Ыдыстар мен ойын әрекетін орындау.	**Вариативтік компонент:** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі **Тақырыбы:** Фланелеграф театры **Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып беріп,оны мұқият тыңдап,мазмұнын айтып беруге үйрету.Балалардың сана-сезімін,ақыл - ойын,тіл байлығын дамыту.Балаларды әдептілікке, имандылыққа,таңқы рлыққа тәрбиелеу **Әдіс- тәсілі:** түсіндіру,сұрақ-жауап **Көрнекілігі:** тақырыпқа байланысты суреттер **Жүру барысы:**			**Қимылды ойын Картотека№2 «Қоңырау қайдан естіледі?»** **Мақсаты:**Балалардың қызығушылығын оятып,шапшаңдыққа ептілікке тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

			Шаттық шеңбері. -Балалар, сендер ертегілерді ұнатасыңдар ма? -Ендеше, ертегі әлеміне саяхат жасап келейік. (Ертегі оқылады) **Әңгімелеу:** Мен сендерге «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып берейін: Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты: — Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылымa шейін аркан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді. Түйе айтады: — Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын таматын үшін құл болдың, мине, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп,			

Сканировано с CamScanner

			неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көле болса, көле, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны көрек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлше де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық. Сиыр айтады: — Адам егін екпе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық. Қой айтады: — Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларын жоқ. Ит айтады: — Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр			

Сканировано с CamScanner

			жеп тауысар еді. Мен сендердің барлаларыңның бақташымын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін. Тауық айтады: — Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап калар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын. Тышкан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі кулық ойлап, жиылған көпке айтады: — Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын. Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бәрі			

Сканировано с CamScanner

			қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,–деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе дементі. **Нәтижесінде:** ертегінің мазмұнындағы, байланыстыра сөйлеуге, сөздерді толық, дыбыстарды анық айтуды игерді			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық	16.30-16.50	Киімдерін реттілікпен киіну; серуенге шығу				
Серуен	16.50-17.50		**Картотека№19 «Шарларды домалату» Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа аңғарпаздыққа тәрбиелеу.			**Картотека№20 «Допты қақпаға түсіру» Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	17.50-18.00					
«Сау бол, балабақша» Ата аналармен қарым-қатынас,	18.00-18.30		Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл		Балалардың көңіл күйі жөнінде әңгімелесу. Жақсы демалуға тілек

Сканировано с CamScanner

балалардың үйге қайтуы				бөлуді есептеу		білдіру.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:
Әдіскер: Уразмуханбетова А.Т.
Күні: 08.01.2021ж.

Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.
«Күншуақ» кезекші ортанғы тобы
(желтоқсан айы 2021ж.)
Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Тақырыпша: «Алакай, қыс келді»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 11.01.2021ж	Сейсенбі 12.01.2021ж	Сәрсенбі 13.01.2021ж	Бейсенбі 14.01.2021ж	Жұма 15.01.2021ж
«Сәлеметсіздер ме, балалар» Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б) Таңертеңгі жаттығу. Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.	8.00-8.30	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байыту, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру.				
		Балалармен, ата-аналармен амандасу, тазалықтарына көніл бөлу. Балалардың демалыс күндерін қалай, кайда өткізгендері жайлы әңгімелесу.	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдайы туралы әңгімелесу.Дене қызуын өлшеу.	Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу .Балалардың тазалығына назар аудару.	Балаларды қабылдау, көнил-күйлері туралы сұрау. Балаларды жылы сөзбен қарсы алу.	Балаларды қабылдау. «Менің күн тәртібім» тақырыбында әңгіме жүргізу.
		Жаттығулар кешені Желтоқсанайы 1-2аптта Картотека №9Гүлдермен				

Сканировано с CamScanner

-		Қолдарын жуып, тазғы ауа оттырысу				
Таңғы ас	8.30-9.00	Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру. Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу ,әдеп ережесі	Балалардың тағамын назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу	Астарына дәкелік тілеу.	Қалқаны ең қолына ұстап, тамақты тиімді ішу.	Тамақтан соң ағыс жуу.
«Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.00-9.15	Балалар ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және басқа қимылды ойын-жаттығулар				
		Дидактикалық ойын Картотека №13 Тақырыбы: «Өз орнында тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	**Дидактикалық ойын Картотека № 14 Тақырыбы: «Ойыншықтарды ажырат» Мақсаты:** Балаларды ойыншық түрімен таныстырып, ажыратуға үйрету	**Дидактикалық ойын Картотека №3 Тақырыбы: «Кім жылдам» Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру.	**Картотека№8 «Үлкен-кішкентай» Мақсаты:** Балалардың түстерді ажырып, пішіндерді көлеміне қарай ажырата білуін, ойлау, есте сақтауын дамыту.	**Картотека№9 Тақырыбы: «Заттар мен суреттер» Мақсаты:** Суреттегі өздеріне таныс заттарды тану, бір-бірімен салыстыруға, бөліктеріне бөлуге. Зейінін, ойлау, қабілетін дамыту.
«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметі(үзілістерді қоса алғанда)	9.15-9.35 9.50-10.20	**1.Білім беру саласы «Таным» Математика негіздері. Тақырыбы: «Қысқа ағаштар»** Балаларға жоғары төмен, бірдей, бөлік алаға ұғымдарын жетілдіру.Ағаштың биіктігі мен көлемін салыстыра отырып, санау дағдыларын арттыру.	**1.Білім беру саласы «Денсаулық» Дене шынықтыру 1.Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру. 2.Бір сызықтан қос аяқпен секіру.** Бір сызықтан қос аяқпен секіруді үйрету. Жаттығуларды орындау алдында	**1. Білім беру саласы «Денсаулық» Дене шынықтыру 1.Бір сызықтан қос аяқпен секіру. 2.Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру.** Балаларды бір тізбекпен жүруге,жүгіруге дағдыландыру.Қимылды ойындарды	**«Әлеумет» «Шығармашылық» Қоршаған ортамен таныстыру. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Қыс мезгілі». Аппликация** Қыстың өзіне тән белгілерімен,	**1.Білім беру саласы Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы 1.Арқан үстінен секіру. 2.Тартылған жіптен аттап өту.**Балаларды жаттығу ережелерін

Сканировано с CamScanner

		Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету. **Керекті-құралдар:** жоғары-төменбиік аласа бейнесіндегі заттар. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбер** Біздің топта балалар Тату тәтті ойнайды Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды **Ғажайыпсәт:** "Дәптар"-Балалар менің себетімде не барына қарандаршы(себеттен дәптарды алып,балаларға таратып беремін) - "Жоғарыда-төменде" ойыны Балалар дәпті жоғары,содан кейін төмен лақтырады. 3.**Жұмбақпен жұмыс.** Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. Жауабы:ағаш Көрнекіліктен ағашты табуды ұсынамын. 4.Сұрақ-жауап әдісі:	балалардың икемділігін қалыптастыру. **Жүру барысы:** 1.Бір қатар сапқа тұру. Жұптасып жүру, жан-жаққа шашырап жүру. 2.Бір қатар сапқа тұрып тапсырманы орындау **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** (Дәптармен). 1.Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ қойып, дәптарды төмен түсіріп тұру. Дәптарды жоғары көтеру, , төмен түсіру.Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ,дәптарды йыққа қойып ұстап тұру.Отыру, дәптарды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа оралу. 3.Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, дәпті төмен түсіру. Дәпті жоғары көтеріп оңға, солға бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу.	қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу. **Керекті құралдар:** Арқан. **Жүру барысы:** 1.Бір қатар сапқа тұру. Жұптасып жүру, жан-жаққа шашырап жүру. 2.Бір қатар сапқа тұрып тапсырманы орындау **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** (сылдырмақтармен). 1.Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ қойып, сылдырмақты төмен түсіріп тұру. Сылдырмақты жоғары көтеру, , төмен түсіру.Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ,сылдырмақты йыққа қойып ұстап тұру.Отыру, сылдырмақты алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа оралу. 3.Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, сылдырмақты төмен түсіру. Сылдырмақты жоғары көтеріп оңға, солға бұлғау, бастапқы қалыпқа оралу. 4.Аяқ сәл алшақ,	кардың касиетімен таныстыру.Қарды алаканға салғанда еритінін және кардан сырғанақ жасауға болатынын түсіндіру. Ермексазды алаканға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзарабіріктіруді үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер:**Әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын **Керекті құралдар:** Қыс мезгілінің суреті. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері** Арайлап атқан таңға сәлем! Жылуын шашқан күнге сәлем! Жайнап өскен бізге сәлем!	толық,дұрыс орындауға үйрету.Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлай қабілеттерін дамыту **Әдіс-тәсілі:** Жүру, жүгіру, көрсету, түсіндіру **Керекті-құралдар:** Арқан, жіп. **Жүру барысы:** Бір қатар сапқа тұру. **Жан-жақты дамыту жаттығулары: (Текшелермен)** Бастапқы қалып:аяқ алшақ , қол төменде текшені алдына созу,жоғары көтеру, алға созу. Зрет 1.текшені алдына созу 2. Жоғары көтеру 3. Алға созу 4. Бастапқы қалыпқа келу Бастапқы қалып

Сканировано с CamScanner

		-Ағаштың жоғарғы жағында не тұр? -Ағаштың төменгі жағында не тұр? **Дидактикалық ойын:** «Қара және салыстыр» ойыны. Екі бала тақтаға жақын келіп, одан екі ағашты өз еріктерімен таңдап алуларын сұраймын. -Ағаштар бірдей ме, жоқ әртүрлі ме? -Дұрыс! Бір ағаш биік, ал басқа ағаш аласа. Ағаштарды салыстыралық. Мынау қандай ағаш? Ұзын Мынау қандай ағаш? Қысқа. Дұрыс айтасыңдар балалар. -Бір-біріне арқаларыңмен тұрыңдаршы, қайсың биік, қайсың аласа екенін көреміз. Бірі екіншісінен биік екен. Балаларға үйлердің биік-аласа болатынын түсіндіремін. Бір-біріне жылы сөздер айтады. **Сергіту сәті;** Ақ қоян-ау ақ қоян!	4.Аяқ сал алшақ, доп төменде. Жүрумен алмастыра отырып, бір орында қос аяқпен секіру (2 рет). 5.Бастапқы қалып: Жұптасып жүру, доп төменде. Бастапқы қалыпқа оралу. **Негізгі қимыл жаттығулары:** **1. Допты арқан нан асырып, екі қолмен лақтыру. 2.Қолды еденге тигізбей, араканның астынан оту.** **Қимылды ойын:** **«Күн мен түн»** **Нәтижесінде:** Допты арқан нан асырып, екі қолмен лақтыруды,қолды еденге тигізбей, араканның астынан өтуді үйренді. **2.Таным Жаратылыстану** **Тақырыбы: :«Бізге қар ұнайды»** Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен, табиғат құбылыстары туралы түсінік беру.Зерттеу	сылдырмақтөменде. Жүрумен алмастыра отырып, бір орында қос аяқпен секіру (2 рет). 5.Бастапқы қалып: сылдырмақЖұптасып жүру, төменде. Бастапқы қалыпқа оралу. **Негізгі қимыл жаттығулары:** **1. Допты арқан нан асырып, екі қолмен лақтыру. 2.Қолды еденге тигізбей, араканның астынан оту.** **Қимылды ойын:** **«Күн мен түн»** **Нәтижесінде:** Допты арқан нан асырып, екі қолмен лақтыруды,қолды еденге тигізбей, араканның астынан өтуді үйренді. **2. Кіріктірілген білім беру саласы:** **«Қатынас»** **Сөйлеуді дамыту:** **«Қыс» (өлең)** Өлең жолдарына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға бағыт. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс,	- Балалар, денелеріңді бос ұстап, көздеріңді жұмып, мені тыңдап, айтқанымды көз алдарына елестетіп отырыңдар. «Орман ағаштарын қалың қар басқан. Орманшының үйінің төбесінен бұдақ - бұдақ түтін шығады. Үй иесі есік алдын қалың қардан тазалап, қорадағы малдарға шөп, жем салып жүр. Басқан аяғы қырт - қырт етеді». - Ал енді көздеріңді ашыңдар. Бұл жылдың қай мезгілі туралы айтылған? -Қыс мезгіл. - Жарайсыңдар балалар, қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? Балалар: Қар жауады, аяз	аяқ иық көлемінделй алшақ, қол төменде. Қолды кеуде тұсына әкелу,екі жаққа созу 3рет. 1.Текшені алға созу. 2.Отырып ,тұру 3.Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып тік тұру аяқ арасы алшақ, қол төменде Денені оңға,солға иілу 1. Денені бұрып, оңға иілу. 2.Денені бұрып солға иілу. 3. Бастапқы қалыпқа келу. 1. Текшені алға созу. 2.Еңкею,текшені тізеге тигізу. 3.Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып тік тұру,текшені қос қолмен құшақтап ұстау. 1. Қос аяқпен секіру. 2.Бастапқы қалыпқа келу.

Сканировано с CamScanner

		Үркек қоян, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Қорқағым деп ат қоям. Балалар үйшіктің бөлмелері қандай болу керек? Қабырғалар қандай болуын керектігін түсіндіреді. Екі заттың биіктігін салыстыруға үйренеді. Балалар қызығушылығын танытады. **4Нәтижесінде:** «жоғары», «төмен», «бірдей»(биіктігі жағынан) көлемдерін салыстырып үйренді,бик және аласа заттарды ажыратуға жаттықты. **2.Музыка** **Тақырыбы:Ән тындау:** «Ақша қар» Қ.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Есенбетова **Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Аққаланы құрастыр» Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу.	құралдарымен жұмыс жасау машықтарын жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер:**Әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. **Керекті құралдар:** хат, құыршақ Саманта, қысқы табиғат суреті, шырша , ұлпа қарлар(қағаз қиындысы). **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері** Біз қандаймыз қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ешуайымды білмейміз Балалар, мен таңертең біздің топтың есігінен хат алдым: «Балалар, мен құыршақ Самантамын демалыстан кейін Африкадан қонаққа келемін тосыңдар» деп хат жазыпты. Саманта кіреді -Балалар аспанға қараңдаршы, қандай үлкен бұлт Қалай ойлайсыңдар, қыста бұлттан не түседі жіпті тартамын,	үлбіреген, қала сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. **Әдіс-тәсілдер:**Әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. **Керекті құралдар:** Қыс мезгілінің суреті. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері** Жатқа білер дос атын Дос бар бізді тосатын Балабақша-біздің үй Басымызды қосатын -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста жердің бетін не басады? -Қардың түсі қандай? -Балалар мен сендерге ендеше қыс өлеңін оқып берейін. Қыс өлеңін мәнерлеп ып беремін. Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды киесең, Құлағынды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша бауды, тауды да Балалар өлеңде не туралы айтылған екен? - Қыс мезгілінде неше ай бар?	болып, боран соғады. - Ендеше, боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз? (Балалар қолдарын жоғары көтеріп, гүілдейді) - Қатты аяз болып, тоңғанда не істейміз? (Қолдарын құсырап, аяқтарын топырлатады) - Ал, күн шыққанда не істейсіндер? (Алакай, деп қолдарын көтереді) - Жарайсыңдар балалар! Енді қыс айларын атайықшы - Желтоқсан, қаңтар, ақпан **Сергіту сәті** Жүріңдер балалар, Сырғанақ тебеміз. Құрыспай – құрышпай, Шынықсын денеміз 2-3рет	**Негізгі қимыл жаттығулары:** 1.Арқан үстінен секіру. 2.Тартылған жіптен аттап өту.1.Ойын шартын түсіндіру. 2.Балалармен бірлесе ойнау. Қауіпсіздік ережесін сақтау. Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Ойынға белсене қызығушылықпен қатынасқан балаларды мақтау, мадақтау. **Күтілетін нәтиже:**Арқан үстінен секіруді. Тартылған жіптен аттап өтуді үйренді **2.Кіріктірілген білім беру саласы:** **«Қатынас»** **Шығармашылық** **Көркем әдебиет**

Сканировано с CamScanner

			ұлпақтарлар ұшады Балалар, ұлпақтарды ұстаңдар, қандай әлемі, қандай жеңіл, ұлпалдақ қар, және оларды үрлейміз. Міне біздің шырпаларымыз қасына қанша қар түскен шыршаның астынан бір шелек қар алып шығамын **Зерттеу: «Қар мен не болды?»** - Қандай суық қар, және орамалмен колды сүртеміз. -Мен керек емес қағазды, сендерге дайындадым. Сендер ол қағазды ұмаждап, қысып, қар жасап, ойнаймыз **«Қарды лақтыр»** (Саманта бірге ойнайды, шыршаға жылы болғандай қарларды шыршаның астына жинайды) -Балалар, карандаршы, біздің қар қайда? -Қар неліктен еріді? -Ал салфетка қандай болды? -Карандаршы,	- Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? -Мына суреттке қарайықшы не бейнеленген -Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балалар осы суретке ат қойып көрейікші. Бұл суретің тақырыбын сендер қалай деп атайтын еліңдер. - Ия, дұрыс айтасыңдар. «Ажарлы қыс» десек қайтеді, келісесіңдер ме? - Балалар «ажарлы» сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны білдіреді. **Сұрақтарға жауап бере отырып әңгімелеу** **Және балалар бір сергіп алайық.** **Сергіту сәті:** Қар борайды он жақтан Қар борайды сол жақтан Қар атысып ойнасақ Су өтпейді колғаптан **Нәтижесінде:** Заттарды суреттерді	**Дидактикалық ойын: «Ойлан тап?»** Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Канттай ақ. (қар) Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. (аяз) Шелек калпақ басында, Сәбіз екен танауы Танып көрші сен оны. (аққала) Олай болса балалар алдымыздағы ермексаздан аққаланың бейнесін жасайық Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасауды және оларды өзара біріктіруді үйретмін **Нәтижесінде:** Қардың қасиетімен танысты. Ермексаздан аққала жасап	**Сурет салу** **«Қар қандай» ертегісі** **М. Гай «Жаңалықтар қар жаудьі»** Балаларды шығармашылық мұқият тыңдауға үйрету, табиғаттың әсемдігін сезініп, сүйе білуге тәрбиелеу, сөйлеу мәнерін қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту. Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту. Таза ұқыпты жұмыс жұмыс жасауға тәрбиелеу. қиялдарын дамыту. **Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,көрсету **Керекті-құралдар:** Ақ қағаз

Сканировано с CamScanner

			салфеткала кір көрініп тұр, қар ақ болсада кір болды, сондықтанда үлкендер, қарды жеуге рұқсат бермейді Саманта: «Мен қарды Африкалағы достарыма апарам деп ойлағам, енді ұқтым, қар жылы жерде еріді»екен **Сұрақ- жауап** Қыста аспаннан не жауады? Қыста немен ойнауға болады? Қар мен мұз неден тұрады? Қыстан кейін қай жыл мезгілі болады? **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Алға қадам басайық. Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды жазайық. **Нәтижесінде:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен, табиғат құбылыстары туралы түсінік алды.	қарастыру сұрақтарға жауап береді	үйренді.	**Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері:** Жабыркауды білмейміз Жалқаулықты сүймейміз Біз талантты жас ұлан Үлгі аламыз жақсыдан **Жұмбақ:** Жапалақтап жауады, Жердің бетін жабады. Бұл не аппақ мақтадай? Кәнеки,кім табады?(Қар) -Дұрыс айтасындар балалар,бұл жұмбақтың шешуі қар. -Қар қай кезде жауады? -Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?

Сканировано с CamScanner

						-Сендер қалай ойлайсыңдар,қар қандай болады? Қардың қандай болатыны туралы білгілерің келе ме?Олай болса мен сендерге М.Гайдың Қар қандай ертегісін оқып берейін Бірде құстар лауласады, олар қардың,кәдімгі қардың қандай болатынын анықтай түседі.Ұшып жүріп сұрақ қояды? -Қар қандай болушы еді? -Алтындай жарқырап тұрады,-деп жауап береді тағы. -Көгілдір түсті,-лейді мұнтазлай таза аспан -Тастай суық,-деп жауап береді үйрек,тұмсығын қанатының астына тыға түсе

Сканировано с CamScanner

						-Жып-жылы шығар,-деп жауап қатады тауық. -Жеп-жеңіл!Сондай жеңіл!-деп шу етеді жел. -Сондай ауыр!Керемет!ей ауыр!- деп күрсінеді ағаш бұтақтары. -Күмістей ,әрине!- деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді,бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балаларға мәтіннің мазмұнын түсіндіремін. **Сергіту сәті:** Қар жауады оң жақтан Қар жауады сол жақтан Қар лақтырып ойнасаң Су болады

Сканировано с CamScanner

						қолғабын Балалар енді алдымыздағы ақ қағазға кардың суретін салайық. **Балалардың таза ұқыпты жұмыс жасауын қадағалаймын.**
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Серуенге қызығушылық туғызу, балалармен жеке әңгімелесу, серуенге ойын материалдарын таңдау, серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
«Табиғат аясында серуен» Серуендеу	10.40-12.00	**Картотека №1** **Қысқы ағаштарды бақылау.** **Мақсаты:**Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыруға үйрету. **Ойын:**«Қуырмаш» **Жеке жұмыс:**Жұмбақ жасыру. Қанаты жоқ ұшады Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды.(Боран) Досбол мен Қаракат жұмбақ шешуін тапты.		**Картотека № 6** **Терезден аяз суретін бақылау.** **Мақсаты:**Байқағыштық сезімін дамыту. **Ойын:** «Қуырмаш». **Мақсаты:**Жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. **Жеке жұмыс:**Досбол мен Мейіржанға тақпақтар жаттату. Өкпелетсе мамасы. Өкпелетсе ағасы «Айтам» дейді,әжеме. Әжесінің баласы. **Еңбек:**Ойын құралдарын тазалау.	**Картотека № 14** **Құстарға бақылау жасау** **Мақсаты:**Олар қалай коректенеді,қалай ұшады?. Қарға мен торғайды салыстыру **Ойын:** «Ақ қоян» **Картотека№3** **Жеке жұмыс:**Аделяға өлең жаттату. Боран соғар сол жақтан.	**Картотека № 16** **Айналадағы адамдарға бақылау жүргізу.** **Мақсаты:**Олар қалай киінеді,қолдарына қолғап,мойынорағ ашты неге беттеріне тағады **Ойын:** «Поезд» **Картотека№9** **Жеке жұмыс:** Мейіржанға Жаңа жылдық ән үйрету. **Мақсаты:** Өленді

Сканировано с CamScanner

			келейік. (Ертегі оқылады) **Әңгімелеу:** Мен сендерге «мақтанша к қоян» ертегісін оқып берейін: Орманда бір қоян өмір сүрипті. Ала жаздай сайрандап, тоғайдағы жеміс-жидектерді теріп жеген ол, қыс түссе қарны ашып, ауылға арпа ұрлауға барады екен. Бір күні ол ауыл шетіндегі тұратын шаруаның үйіне ұрлыққа келеді. Қорасына кірсе, қаптаған қоян. Ол мақтана бастайды — Сендер үйле тұрсандар қайтейін?! Мен сендерден бәрібір артықпын. Менің мұртым — мұрт-ақ! Сендердікіндей емес! Ал, табаным мен тістерім ше? Сендерді салыстыруға да келмейді. Мен ешкімнен			

Сканировано с CamScanner

			корыкпаймын! Үй қояндары мақтаншақ қояннің қылығын Қарға тәтелеріне айтып береді. Ол бөспе қоянды жазаламақ болып, іздеп тауып алады. Данғой қоян шошып кетеді: — Қарға тәте! Тиіспеші. Мен енді мақтанып, елдің мазасын алмайтын боламын! — Солай де! Бөспе мақтанба! Елден ерекшелігіңді бос сөзбен емес, ісіңмен көрсет! — дейді Қарға. Арада біраз күн өткен соң, бірде қарасa, әлгі қарғаны иттер талап жатыр екен. Жаны ашып кеткен қоян құтқармақ болады. Иттердің назарын өзіне аударып, тұра жүгіреді. Қарғаны тастай салған иттер қоянды қуа жөнеледі. Ол қашып	әдеб		

Сканировано с CamScanner

			құтылады. Қоянның ерлігіне риза болған қарға оған келіп жолығып: — Рақмет саған! Сен мақтаншақ емес екенсің, мақтауға тұратын ер екенсің! — деп ризашылығын білдіреді. **Сұрақ-жауап:** Қоян не деп мақтанды?. Қоян сияқты мақтануға бола ма? **Нәтижесінде:** ертегінің мазмұнынан, байланыстыра сөйлеуге, сөздерді толық, дыбыстарды анық айтуды игерді			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық	16.30-16.50	Киімдерін реттілікпен киіну; серуенге шығу.				
Серуен	16.50-17.50	**Картотека№8** **«Жалаушаны экел»** (таяқ арқылы аттап өту) **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа үйрету.	**Картотека№7** **«Үй құстары мен дала құстары»** Балаларды үй құстары мен дала құстарын ажырата білуге үйрету.Тақтаға	**Картотека№17** **«Доп»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу. Қимыл қозғалыстарын жетілдіру.	**Картотека№19** **«Шарларды домалату»** **Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	**Картотека№3** **«Шалқан»** **Мақсаты:**Ертегі кей»ікерлері арқылы мазмұнмен таныстыру Сұрақ-жауап

Сканировано с CamScanner

		ұшін колданылатын түсіндіру. Ыдыстар мен ойын әрекетін орындау.	түсіндіру. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге және кейіпкерлердің іс - әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа,батылдыққа тәрбиелеу. **Әдіс- тәсілі:** түсіндіру,сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** тақырыпқа байланысты суреттер **Жүру барысы: Шаттық шеңбері.** Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен, Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген. Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз, Үлгі алсын көрген жан мына бізден. Балалар шеңберге тұрып, жылы жүзбен бір - біріне қарап, өлең жолдарын айтады. -Балалар, сендер ертегілерді ұнатасындар ма? -Ендеше, ертегі әлеміне саяхат жасап	жануарлардың дыбысын салу, бір-бірінен салыстыру кабілеттерін, сөздік корын молайту.		

Сканировано с CamScanner

		Еңбек:Киім шкафтарын жинау. Өз-өзіне қызмет ете білуге үйрету.		Өз заттарын ұқыпты болып,құралдарын таза ұстауға дағдыландыру.	Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. **Мақсаты:**Балала р ға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту. **Еңбек:**Балаларме н бірігіп құстарды тамақтандыру.	жаттату арқылы сөздік қорын молайту. **Еңбек:**Аула сыпырушыға көмектесу.Еңбегс үйғнтікке баулу.
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Серуеннен келген соң балалардың киімдерін шешуін үйрету, қалағалау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
«Ас дәмді болсын» Түскі ас	12.20-13.00	Қолды жуғаннан соң тамаққа отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру және гигиеналық шаралар, жеке жұмыстар	15.10-15.40	Ұйқыдан кейінгі жаттығулар: **Картотека №3 Қайықша** **Картотека №4 Толқын** **Картотека №5 Доп** **Картотека №23 Саусақтар ойыны** **Картотека №25 Балықтар**				
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.				
«Алақай, ойын» Ойындар ойнату, жеке жұмыстар жүргізу	16.10-16.30	**Дидактикалық ойын Картотека№13 «Ыдыстар» Ойынның мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін ұғымдармен таныстыру Ыдыстардың атқаратын қызметін, не	**Вариативтік компонент:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі **Тақырыбы: Қуыршақ театры. Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын	**Дидактикалық ойын Картотека№8 «Төлін тап» Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары мен төлдерін тану. Үй	**Қимылды ойын: Картотека№17 «Доп» Мақсаты:**балаларды жылдамдыққа,епті лікке тәрбиелеу.	**Қимылды ойын Картотека№2 «Қоңырау қайдан естіледі?» Мақсаты:**Балалард ың қызығушылығын оятып,шапшаңдыққа ептілікке тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:
Әдіскер: Уразмуханбетова А.Т.
Күні:

Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.
«Күншуақ» кезекші ортаңғы тобы
(18-22 қаңтар айы 2021ж.)
Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»
Тақырыпша: «Аңдардың қысқы тіршілігі»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 18.01.2021ж	Сейсенбі 19.01.2021ж	Сәрсенбі 20.01.2021ж	Бейсенбі 21.01.2021ж	Жұма 22.01.2021ж
«Сәлеметсіздер ме, балалар» Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б) Таңертеңгі жаттығу. Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.	8.00-8.30	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, үйдегі, көшедегі, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байыту, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру.				
		Балалармен, ата-аналармен амандасу, тазалықтарына көңіл бөлу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу.	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдайы туралы әңгімелесу.Дене қызуын өлшеу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу .Балалардың тазалығына назар аудару.	Балаларды қабылдау, көңіл-күйлері туралы сұрау. Балаларды жылы сөзбен қарсы алу.	Балаларды қабылдау. «Менің күн тәртібім» тақырыбында әңгіме жүргізу.
		Жаттығулар кешені Қаңтар айы 3-4апта. Картотека №10 сылдырмақтармен				
		Қолдарын жуып, таңғы асқа отырғызу				

Сканировано с CamScanner

Таңғы ас	8.30-9.00	Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру. Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу ,әдеп ережесі	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу	Астарына дәмділік тілеу.	Рахманға қасықты оң қолына ұстап, тамақты төкпей ішуге дағдыландыру.	Тамақтан соң алғыс айту.
«Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.00-9.15	Балалар ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойынлар және баяу қимылды ойын-жаттығулар.				
		Дидактикалық ойын Картотека №7 Тақырыбы: «Ғажап қоржын» Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білу атау және топтауға үйрету.	**Дидактикалық ойын Картотека № 10 Тақырыбы: «Кім жылдам» Мақсаты:** Балаларды ептілікке жылдамдыққа үйрету,достыққа тәрбиелеу	**Дидактикалық ойын Картотека №3 Тақырыбы: «Кім жылдам» Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру.	**Картотека№8 «Үлкен-кіші» Мақсаты:** Балалардың түстерді айырып, пішіндерді көлеміне қарай ажырата білуін, ойлау, есте сақтауын дамыту.	**Картотека№9 Тақырыбы: «Заттар мен суреттер» Мақсаты:** Суреттегі өздеріне таныс заттарды тану; бір-біріне сәйкестендіріп, біріктіру. Зейінін, ойлау, қабілетін дамыту.
«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметі(үзілістерді қоса алғанда)	9.15-9.35 9.50-10.20	**1.Білім беру саласы «Таным» Математика негіздері. Тақырыбы: «Тиінға арналған жаңғақтар» Мақсаты:** Бір және көп ұғымларын қолдана отырып, заттарды көлеміне қарай ажырату. Зейінін логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Әдіс-тәсілі:**	**1.Білім беру саласы «Денсаулық» Дене шынықтыру 1.Доғаның астымен еңбектеу. 2Доптарды себетке лақтыру. Мақсаты:** Балаларға доптарды себетке лақтыруды үйрету.Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық	**1. Білім беру саласы «Денсаулық» Дене шынықтыру. 1.Доптарды себетке лақтыру. 2.Балаларды еденде жаткан аркан үстімен жүру. Мақсаты:** Балаларды еденде жаткан аркан үстімен жүруге үйрету. Ептілікке және ұқыптылыққа	**1.Орыс тілі. Тема:**Жизнь зимой диких зверей **Цель:**Систематизировать знания о жизни диких зверей в зимний период; воспитывать любовь к природе, животным, расширять	**1.Білім беру саласы Денсаулық Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде созылып жаткан аркан үстімен жүру. Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру. Мақсаты:**

Сканировано с CamScanner

		түсіндіру, көрсету. **Керекті-құралдар:** Үшбұрыш төртбұрыш,дөңгелек пішіндер **Жүру барысы:** Шаттық шеңбері№14 Ойнасын мейлі ойнасын. Ойынға ешбір тоймасын., Алаңсыз болып ай-күнін. Жақсылық бүтін тойласын **Ғажайып сәт:** -Балалар, қарандарыңы неңің дауысы шығады? Ма балалар бізге конакка күн келіпті. Күнмен амандасайық Сәлематсыз ба? Балалар мен күнмін орманнан тиін балабақшаға жол жүріпті мен сол тиінді іздеп жүрмін көрдіңдер ме? -Күн сіз біздің сабағымызға қатысыңыз біз сізге тиін туралы толықтай мағлұмат береміз. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі -Қыста неше ай бар?	орындауға дағдыландыру. **Керекті құралдар:** доп,себет, доға **Жүру барысы:** Бір қатар сапка тұру. **Арнаулы жаттығулар:** -бір тізбекпен жүру; -қол белде, аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру; -баяу жүгіру; -жәй жүгіріспен жүру. **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** (доппен) 1.Бастапқы қалып: аяқ бірге, доп оң колда. 1-қолдарымызды екі жаққа созамыз; 2-колды жоғары көтереміз, допты екінші колға ауыстырамыз. 3-қолды екі жққа созамыз, 4-бастапқы калыпка келеміз. 2.Бастапқы қалып: аяқты екі иықтың деңгейіне қойып, допты оң колға аламыз.1- оң колға карай иілу; 2-3 допты оң аяқтан сол аякка карай домалату және	тәрбиелеу. **Керекті құралдар:** себет,доп,аркан. жалаушалар. **Жүру барысы:** 1.Бір катар сапка тұру. Жұптасып жүру, жан-жаққа шашырап жүру. 2.Бір катар сапка тұрып тапсырманы орындау **Жан-жақты дамыту жаттығулары:** (Жалаушалармен). 1.Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ қойып, жалаушаларды төмен түсіріп тұру. Жалаушаларды жоғары көтеру, оларды айкастырып,бір-біріне соғып, тықылдату, төмен түсіру.Бастапқы қалыпка келу. 2. Бастапқы қалып: аяқтары сәл алшақ,жалаушаларды йыкка қойып ұстап тұру.Отыру, жалаушаларды алға созу, тұру, бастапқы қалыпка оралу. 3.Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, жалаушаны төмен түсіру. Жалаушаны жоғары көтеріп оңға, солға бұлғау, бастапқы	крутозор учашихся. **2.Музыка.** **Тақырыбы:** **Ән тыңдау: Ән тыңдау:** «Торғай» Қ.Қайым **Ән айту:** «Кішкене торғай» А.Айтуова **Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Шөжелерім» Азербайжан халық әні Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманын екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру.	Балаларға бұлі тұрған заттарға колын тигізіп сөкіруді үйрету. Сөкіре білу кабілеттерін дамыту. **Әдіс-тәсілі:** Жүру, жүгіру, көрсету, түсіндіру. **Керекті құралдар:** Доп, аркан **Жүру барысы:** Бір катар сапка тұру. Бір тізбекпен жүру. Тік ұста да бойынды, Жоғары соз колынды. Бүйір таяп кос колмен, Көтер аяк он жақтан, Көтер аяк сол жақтан, Құлап кетпе, сәл сақтан. Күнде жасап жаттығу, Қан жүгіртіп алайық. **Жан-жақты дамыту**

Сканировано с CamScanner

		Желтоқсан,қайтар, ақпан. Балалар мен сендерге қазір тиін туралы айтып беремін. Мен тиінмін тиінмін Қыска жылы киіндім Қоймам толы жаңғаққа Іші жылы үйімнің Балалар тиін орманда ағаштың басындамекен етеді. Ол жаңғақпен қоректенеді.Жаздай қысқы азығын жинап алады. Тиындар табиғаттың көркеюіне,өсіп өнуіне көп көмегін тигізеді. Енді балалар осы тиіннің үйін алдымыздағы пішіндер арқылы құрастырып көрейікші.Бұл жерде үшбұрыш ,төртбұрыш,дөңгелек пішіндер бар. **Дидактикалық ойыны** **КАРТОТЕКА№25** Балалар біздер пішіндер арқылы тиіннің үйін құрастыра білдік. Құрметті күн сізге көп рахмет біз сізбен қоштасамыз сау болыңыз!	керісінше орындау.4-бастапқы қалыпқа келу. **3**. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, екі қолмен опты ұстау.1-2 –отырып, кеудені оңға бұрып,допты еденге тигізу.3-4- алғашқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденде отырып, допты табанмен қысып,қолды артқа қарай тіреу. 1-2- аяқты түзу ұстап көтеру, 3-4 бастапқы қалыпқа келу. **5**. Бастапқы қалып:аяқтың арасы сәл ашық, допты жоғары қарай он қолмен лақтырып, екі қолмен қағып алу. Бастапқы қалыпқа келу. **Негізгі қимыл жаттығулары:** 1. Доғаның астымен еңбектеу. 2Доптарды себетке лақтыру Картотека№14 **Қимылды ойын:«Доптарды**	қалыпқа оралу. 4.Аяқ сәл алшақ, жалауша төменде. Жұрумен алмастыра отырып, бір орында қос аяқпен секіру (2 рет). 5.Бастапқы қалып: Жұптасып жүру, жалауша төменде. Бастапқы қалыпқа оралу. **Негізгі қимыл жаттығулары:** **Доптарды себетке лақтыру.** **Балаларды еденде жатқан арқан үстімен жүру.** **Қимылды ойын:** Картотека №5 **«Үйі жоқ қоян »** **Нәтижесінде:** Доптарды себетке лақтыруды,еденде жатқан арқан үстімен жүруді меңгерді. **2. Кіріктірілген білім беру саласы:** **«Қатынас,Таным»** **Сөйлеуді дамыту** **Құрастыру.** **Тақырыбы:** **«Сұр қоян» «Қоянға арналған сәбіз»** **Т. Бердияровтың өлені** Балаларды шағын өлеңді жатқа айтуға		**жаттығулары:** (Доптармен) 1.Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ бірге, доп кеуледе. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: Допты алға созу. Кеуде тұсына қою , төмен түсіру. Бастапқы қалыпқа келу. 3.Бастапқы қалып: 1-Допты жоғары көтеру, 2-жанына қою. Бастапқы қалыпқа келу. 4. Бастапқы қалып:аяқтары сәл ғана ашылған, қолдары белінде, доп еденде. Доп айналасында орнында тұрып кезекпен жүріп, секіру. 4. Бастапқы қалып; отыру, допты алдында ұстау. Допты өз айналасында оңға (солға) қарай домалату. **Қимылды ойын: Картотека№13**

Сканировано с CamScanner

		Күтілетін нәтиже: Тиін туралы мағлұмат алды. Заттарды көлеміне қарай ажырата алды. **2.Музыка** **Тақырыбы:** **Ән тыңдау:** «Торғай» Қ.Қайым **Ән айту:** «Кішкене торғай» А.Айтуова **Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Шөжелерім» Азербайжан халық әні Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру	**қуу»** Бір- біріне кедергі жасамау, аракашықтықты сақтай білуді қадағалау. Қауіпсіздік ережесін сақтау. Балалардың көңіл-күйін бақылау, мақтау. **Нәтижесінде:** Доғаның астымен еңбектеуді, доптарды себетке лақтыруды үйренді. **2.Кіріктірілген білім беру саласы** **«Таным»** **Жаратылыстану.** **Сурет салу.** **Тақырыбы:** «Жабайы аңдар тіршілігі». «Маймақ маң-маң басады» **Мақсаты:** Жабайы аңдар және олардың тіршілігі туралы түсінік бере отырып аю туралы толық мағлұмат беру. Табиғатты сүйе білуге, аңдарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, есте сақтау қайлеттерін дамыту.	үйрету. Ұстау кезінде кейіпкерлердің бейнесін, мінез – құлқын дұрыс жеткізуге тәрбиелеу. Балаларды қоянның сүйікті асы сәбіз туралы ойларын жетілдіріп, қоянға арналған сәбізді қағаз қиындыларынан құрастырып жасай білуге үйрету. **Әдіс-тәсілдер:**Әңгімелеу, көрсету, сұрақ-жауап. **Керекті құралдар:**сәбіз,қояннің суреті. **Жүру барысы.** **Шаттық шеңбері.** Біз кішкентай баламыз Өсіп –өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? -Қыста қандай ойындар ойнаймыз? -Қардың түсі қандай? Балалардың жауаптарын тыңдап толықтырады. Қане балалар ұйымдастыру іс –		**«Қутыншылар»** Бір- біріне кедергі жасамау, аракашықтықты сақтай білуді қадағалау. Қауіпсіздік ережесін сақтау. Балалардың көңіл- күйін бақылау, мақтау. **Негізгі қимыл жаттығулары:** **1. Еденде созылып жатқан аркан үстімен жүру.** **2.Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру.** **Нәтижесінде:** Еденде жатқан аркан үстімен жүруді меңгерді,ілулі тұрған заттарға қолын тигізуді үйренді.

Сканировано с CamScanner

			Аюдың ізін қылқаламмен, қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету.Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту **Әдіс-тәсілі:**түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету **Көрнекілігі**:Жабайы аңдардың суреттері коян ,аю,аю іздерінің суреті. **Керекті-құралдар:** карындаштар,ақ қағаз аюдың ізінің суреті. **Жүру барысы:** Шаттық шеңбер: Арайлап таң атты, Алтын сәуле тарапты. Қайырлы таң, балалар! - Балалар,қазір жылдың кай мезгілі? -Суретке қарап қыста кандай өзгерістер болады екен? Жұмбактар жасыру арқылы жана тақырыппен таныстыру. 1.Сылдырдан коркады,	әрекетін бастамас бұрын мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тапсандар бүгінгі тақырыбымыздың кейіпкері болады. **Жұмбақ** 1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолын тонады. **(Қар)** 2.Сыбдыр шыкса кашады , Белден бір-ак асады. **(Қоян)** Балалар кояндар үй қояны және дала қояны болып екі топка бөлінеді. Үй коянын үйде асыраймыз, ал дала қояны далалыкта, орманды жерлерде тіршілік етеді. Ендеше балалар орман жануарларының бір қатарын бейне баяннан тамашалап жіберейік. **Т.Бердияровтың «Сұр қоян» өлеңі** Балалар сендерге және сендер сиякты балаларға арнап көптеген жазған өлендері бар. Соның бірі бүгін танысатын өлеңміз «Сұр коян » өлеңі. **Өлең тындаймыз**		

Сканировано с CamScanner

			Шошынып жортады. Мынау-қоян.Ол орманда тұралы. Қоянның баласын көжек деп атаймыз.Қояннң сүйікті асы-сәбіз Қоян туралы кандай тақпақ білеміз? Мақал-мәтел: Еркекті намыс өлтіреді,коянды қамыс өлтіреді. 2.Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. Аю орманды мекен етеді. Ол ананда тұрады. Жаздай денесіне май жинап,қыстай ұйықтайды. Баласын-конжық деп атайды. Аю туралы тақпак айту. Аю жеміс-жидектермен қоректенеді. 3.Өзі айлакер,өзі қу, Жүрген жері айкай да шу. Түлкі де орманда тіршілік етеді.Ол тамағын жортып жүріп табады.Баласын-түлкішек деп атайды.	Т.Бердіқожов жазған «Сұр коян» өленін окып береді. **Сұр коян** Ұзын құлак,сұр коян, Естіп калды сыбдырды. Ойлы-кырлы жерлермен Ытқып-ытқып секірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінін Келе жаткан томпандап, Көжегі екен өзінін. Ендеше балалар тақтаға назар аударайык.Қояннын корегі сәбіз екенін бәріміз білеміз .Енді алдымыздағы сәбізді құрастырайық. **Сергіту жаттығуы:** Қане, балалар, төрт бөліктен тұратын сәбіздін суретін кеңістікте дұрыс орналастырып, құрастырайық. Сәбізді коян жейтінін бәріміз білеміз. Қағаз киындыларын біріктіру аркылы сәбізді құрастырамыз. Дайын болған сәбіздін түсі, көлемі, пішіні, дәмі кандай болатынын айтамыз. **Нәтижесінде:** Қоян туралы мағлұмат		

Сканировано с CamScanner

			Сергіту сәті: «Аю», «Қоян», «Түлкі». Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен, Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалар енді біз алдымыздағы ақ қағазды алып аюдың іздерін карандашпен қағаз бетіне түсірейік. .Балалар бүгінгі сабақ жабайы аңдар туралы не білдік?Қыста олар қалай күн көреді? **Күтілетін нәтиже:** Жабайы аңдардың түрлерін ажырата біледі.Суреттеу арқылы байланыстырып сөйлеуді меңгереді.Аюдың ізін салуды білді.	алды,сәбіздің пайдасы туралы білді, кеңістікте дұрыс құрастыра білуді үйренді. .		
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
«Табиғат аясында	10.40-12.00	**Картотека №17**	**Картотека № 9**	**Картотека № 12**	**Картотека № 13**	**Картотека № 19**

Сканировано с CamScanner

серуен» Серуендеу		**Ауа-райына бақылау жасау.Күн суық ,аяз.** **Мақсаты:**қыс мезгілі туралы әңгімелеу. **Ойын:**«Ақ қоян» **Жеке жұмыс:**Аяз ата,Сырғанақ өлеңдерін жаттау.Мәнерлеп оқуға үйрету,тілдік қорларын дамыту.Нұрисламмен Кәусарға қайталатып айтқызу. **Еңбек:**Күтуші апайға көмектесу,түскі аска дайындық.	**Жарқыраған күннің астында балалардың көңілін көтеру.Қыстың қарлы аязына бақылау жүргізу.** **Ойын:** «Күн шұғыласы». **Жеке жұмыс:**Азизамен Рахманға жұмбақ жасыру. Мамықтай ұлпа. Қанттай ақ. **Еңбек:**Құстардың жемсауыттарын тазалау.	**Үлкендердің еңбегіне бақылау жасату.** **Мақсаты:**Үлкендердің еңбегін бағалату,еңбекке баулу. **Қимылды ойын:** «Қонырау қайдан естіледі». **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:**Нұриман мен Азизаға қыс туралы тақпақ айтқызу. **Еңбек:**балалармен аққала тұрғызу,ұжымдыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	**Қар бетіндегі іздерге бақылау жасау.** (кар,ит,адам іздері) **Мақсаты:** **Ойын:** «Жел көбік». **Мақсаты:**Балаларды байқампаздыққа үйрету. **Жеке жұмыс:**Еркеназ мен Мейіржанға қыс туралы тақпақ жаттату. **Мақсаты:** Балалар ға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сездік қорларын дамыту. **Еңбек:**Қардан үйшіктер жасау.	**Тұманды бақылау.** **Мақсаты:** табиғат құбылыстарын атау.Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. **Ойын:** «допты ұста». **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйрету. **Жеке жұмыс:** Адил мен Мейіржан тақпақ айтқызу,таныскан дыбыстар бойынша сөйлем ойлау. **Еңбек:**Жапырақ - тардың әртүрлі бейнелерін құрастыру.
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Серуеннен келген соң балалардың киімдерін шешуін үйрету, қадағалау. Беті қолдарын жуу,сабындау.				
«Ас дәмді болсын» **Түскі ас**	12.20- 13.00	Қолды жуғаннан соң тамаққа отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру	15.10-15.40	Ұйқыдан кейінгі жаттығулар: **Картотека №3 Қайықта** **Картотека №4 Толқын** **Картотека №5 Доп**				

Сканировано с CamScanner

және гигиеналық шаралар, жеке жұмыстар		**Картотека №23 Саусақтар ойыны** **Картотека №25 Балықтар**				
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.				
«Алақай, ойын» Ойындар ойнату, жеке жұмыстар жүргізу	16.10-16.30	**Дидактикалық ойын** **Картотека№13** **«Ыдыстар»** **Ойынның мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін ұғымдармен таныстыру. Ыдыстардың атқаратын қызметін, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Ыдыстар мен ойын әрекетін орындау.	**Вариативтік компонент:** *«Ертегілер елінде ».* **Тақырыбы:** **«Мақтаншақ қоян» ертегісі** **Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге және кейіпкерлердің іс - әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.. **Әдіс- тәсілі:** түсіндіру, сұрақ- жауап. **Көрнекілігі:** қуыршақ театры . **Жүру барысы:** Ал енді балалар тағы бір ертегімен танысайық. Бүгінгі оқу қызметінде оқылатын ертегіміз Орманда бір қоян өмір сүріпті. Ала жалай сайрандап, тоғайдағы жеміс-	**Дидактикалық ойын** **Картотека№8** **«Толін тап»** **Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары мен төлдерін тану. Үй жануарларының дыбысын салу, бір-бірімен салыстыру қабілеттерін, сөздік қорын молайту.	**Қимылды ойын:** **Картотека№17** **«Доп»** **Мақсаты:**балаларды жылдамдыққа,епті ліккке тәрбиелеу.	**Қимылды ойын** **Картотека№2** **«Қоянды қайдан естіледі?»** **Мақсаты:**Балалард ың қызығушылығын оятып,шапшаңдыққа ептілікке тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

			жидектерді теріп жеген ол, қыс түссе карны ашып, ауылға арпа ұрлауға барады екен. Бір күні ол ауыл шетіндегі тұратын шаруанын үйіне ұрлыкка келеді. Қорасына кірсе, каптаған қоян. Ол мактана бастайды. — Сендер үйде тұрсаңдар қайтейін?! Мен сендерден бәрібір артықпын. Менің мұртым — мұрт-ак! Сендердікіндей емес! Ал, табаным мен тістерім ше? Сендердікі салыстыруға ла келмейді. Мен ешкімнен корыкпаймын!Үй қояндары мактаншак қояннын қылығын Қарға тәтелеріне айтып береді. Ол бөспе коянды жазаламак болып, іздеп тауып алады.Даңғой қоян шошып кетеді: — Карға тәте!			

Сканировано с CamScanner

			Тиіспеші. Мен енді мақтанып, еліңіз мазасын алмайтын боламын! — Солай де! Боска мақтанба! Елден ерекшелігіңді бос сөзбен емес, ісіңмен көрсет! — дейді Қарға. Арада бірақ күн өткен соң, бірде караса, әлгі қарғаны иттер талап жатыр екен. Жаны ашып кеткен қоян құтқармақ болады. Иттердің назарын өзіне аударып, тұра жүгіреді. Қарғаны тастай салған иттер қоянды қуа жөнеледі. Ол қашып құтылады. Қоянның ерлігіне риза болған қарға оған келіп жолығып: — Рақмет саған! Сен мақтаншақ емес екенсің, мақтауға тұратын ер екенсің! — деп ризашылығын білдіреді. **Сергіту сәті:** Ойнақтаған ор қоян,			

Сканировано с CamScanner

			Түлкіні көріп орманнан. Ойлы қырлы жерлерден Ытқып, ытқып секірді, Бұтаға барып тығылды. Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?Жетелеуші сұрақтар қойып, ертегі мазмұнын еске түсіремін. **Нәтижесінде:** ертегі мазмұнын түсінді			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық	16.30-16.50	Киімдерін ретпілікпен киіну; серуенге шығу				
Серуен	16.50-17.50	**Картотека№4** «Қарды бақылау» **Мақсаты:** Қардың қасиетімен таныстыру. **2.Еңбек:** кардан қалашық жасау. **3.Қимылды ойын:** «қоян мен каскыр» **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа үйрету **4.Жеке жұмыс:** ойынға қатыспай қалған балалармен жеке жұмыс жасау. **5.Еркін ойындар** Өз еріктерімен ойнау **Мақсаты:** балаларды	**Картотека№10 «Жылы күнде қарды бақылау» Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **2.Еңбек:** сырғанақты түзету,одан қар шашу. **3.Қимылды ойын:** «кішкене қоян шыға қой» картотека№27 **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа үйрету **4.Жеке**	**Картотека№4** «Қарды бақылау» **Мақсаты:** Қардың қасиетімен таныстыру. **2.Еңбек:** кардан қалашық жасау. **3.Қимылды ойын:** «қоян мен каскыр» **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа үйрету **4.Жеке жұмыс:** ойынға қатыспай қалған балалармен жеке жұмыс жасау.	**Картотека№7 «Уақыттың өзгеруін бақылау» Мақсаты:**Жыл мезгіліне байланысты қыста күннің қысқарып,түннің ұзаратындығын бақылауға үйрету. **2.Еңбек:** жүретін жолды кардан тазалау. **3.Қимылды ойын:** «күнім,күнім» **картотека№28 Мақсаты:** шапшаңдыққа,сезім	**Картотека№7 «Айналадағы адамдарға бақылау жасау» Мақсаты:**адамдар қалай киінді,қолғап,мой ын орағышты неге беттеріне байлайды?. **2.Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. Еңбексүйгіштікке баулу. **Қимылды ойын:** «поезд»

Сканировано с CamScanner

		жылдамдыққа үйрету.	**жұмыс:**таяқшаның бойымен жүру. **5.Еркін ойындар** Өз еріктерімен ойнау	**5.Еркін ойындар** Өз еріктерімен ойнау	талдыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** өз беттерімен тақпақтар айту. **5.Еркін ойындар** Өз еріктерімен ойнау	**картотека№9 Мақсаты:** шаппаңдыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** өз беттерімен тақпақтар айту. **5.Еркін ойындар** Өз еріктерімен ойнау
Серуеннен оралу	17.50-18.00					
«Сау бол, балабақша» Ата аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы	18.00-18.30	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.	Балалардың көңіл күйі жөнінде әңгімелесу. Жақсы демалуға тілек білдіру.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:
Әдіскер: Уразмуханбетова А.Т.
Күні:

Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.
«Күншуақ» кешекі орталығы тобы
(желтоқсан 25-29 айы 2021ж.)
Отпелі тақырып: «Қысқы ойын мектебі »
Тақырыпша: «Үй жануарлары »

